

"Әуликөл ауданы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы" Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі №62 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 14 сәуірдегі № 48 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 15 сәуірде № 38434 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әуликөл ауданы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы" Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 62 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7759 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу;

2) осы қаулының Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысы Әуликөл ауданының әкімі

Ж. Таукенов